

**"Тұқымдардың, оның ішінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 4-2/616 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2025 жылғы 30 шілдедегі № 232 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 шілдеде № 36540 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тұқымдардың, оның ішінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 4-2/616 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12065 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұқымдардың, оның ішінде қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Тұқымдардың, оның ішінде қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұқымдардың, оның ішінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұқымдардың, оның ішінде қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тұқымдардың, оның ішінде қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 8-б) тармақшасына сәйкес әзірленді және тұқымдардың, оның ішінде қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын

өндірушілердің (бұдан әрі – ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші) егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу тәртібін айқындайды. ";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тұқым сапасына сараптаманы "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен аккредиттелген тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертханалар жүзеге асырады.";

2-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Тұқымдардың, оның ішінде қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің егуіне арналған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу тәртібі";

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі аккредиттелген зертхана тұқымның кондициялылығы туралы куәлікті және (немесе) өнгіштігі анықталған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде тұқымды талдау нәтижесін береді.";

9-тармақ алып тасталсын;

11-тармақ алып тасталсын;

1-қосымшада:

оң жақтағы жоғары бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұқымдардың, оның ішінде  
қазақстандық ауыл  
шаруашылығы тауарын  
өндірушілердің егуіне  
арналған тұқымдардың  
сұрыптық және егістік сапасына  
сараптама жүргізу  
қағидаларына  
1-қосымша";

2-қосымшада:

оң жақтағы жоғары бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұқымдардың, оның ішінде  
қазақстандық ауыл  
шаруашылығы тауарын  
өндірушілердің егуіне  
арналған тұқымдардың  
сұрыптық және егістік сапасына  
сараптама жүргізу  
қағидаларына  
2-қосымша";

3-қосымшада:

оң жақтағы жоғары бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұқымдардың, оның ішінде  
қазақстандық ауыл

шаруашылығы тауарын  
өндірушілердің егуіне арналған  
тұқымдардың сұрыптық  
және егістік сапасына сараптама  
жүргізу қағидаларына  
3-қосымша";

4-қосымшада:

оң жақтағы жоғары бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұқымдардың, оның ішінде  
қазақстандық ауыл  
шаруашылығы тауарын  
өндірушілердің егуіне  
арналған тұқымдардың  
сұрыптық және егістік сапасына  
сараптама жүргізу  
қағидаларына  
4-қосымша".

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы*

*А. Бердалин*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі